



## ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЕО: ЖАҢА СТРАТЕГИЯ, ЕСКІ ИДЕЯЛАР

Орталық Азияның жаңа тәуелсіз мемлекеттерімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатқаннан кейін Еуропа одағы (ЕО) негізінен барлық ТМД елдерін қамтыған «Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдеріне техникалық көмек көрсету» (ТАСИС) бағдарламасы арқылы аймақта белсенділік көрсете бастады. 1991 жылы басталған ТАСИС нарықтық экономикаға өтуге және посткеңестік мемлекеттерде демократия мен заң үстемдігін алға жылжытуға техникалық қолдау көрсетуді мақсат етті. Кейінірек 2002 жылы аймақпен саяси және экономикалық ынтымақтастықты дамыту отырып, ЕО Орталық Азия бойынша 2002-2006 жылдарға арналған стратегиялық құжатты (ОАСК) және Орталық Азия бойынша 2002-2004 жылдарға арналған Индикативтік ТАСИС бағдарламасын қабылдады.

ЕО-ның аймақтағы белсенділігін айқындайтын нақты құжат Германияның бастамасымен 2007 жылы қабылданған «Еуропа одағы және Орталық Азия: Жаңа әріптестік стратегиясы» атты алғашқы Орталық Азия стратегиясы болды. Бұл стратегия екіжақты және аймақтық диалог арқылы ЕО-ның дипломатиялық қызметін анықтады және адам құқықтары, заң үстемдігі, дұрыс басқару және демократияландыру; жастар және білім; экономикалық даму, сауда және инвестиция; энергетика және көлік; қоршаған орта және су; жалпы қауіп-қатерлер; және мәдениетаралық диалог сияқты ынтымақтастықтың жеті басым бағытын қамтиды. ЕО-ның Орталық Азия бойынша 2007 жылға арналған Стратегиясы қабылданғаннан кейін он жыл өткен соң, 2017 жылдың маусымында Еуропалық кеңес осы стратегияның және әлемдегі соңғы геосаяси өзгерістердің өзектілігін айқындап, құжатты қайта қарады. Осылайша, 2019 жылы 15 мамырда Еуропалық комиссия мен ЕО Сыртқы істер және қауіпсіздік саясаты жөніндегі жоғары өкілі Федерика Могерини «ЕО мен Орталық Азия: тығыз әріптестікке жаңа мүмкіндіктер» атты біріккен коммюникені қабылдады. Аталмыш стратегия ЕО мен Орталық Азия мемлекеттері қарым-қатынастарында жаңа кезеңді ашып отыр. Бұл жаңа стратегия Еуропа кеңесінде және Еуропарламентте талқыланады, ал 2019 жылдың 7 шілдесінде Бішкекте өтетін ЕО мен Орталық Азия елдері министрлерінің 15-ші бірлескен отырысында Могерини мен ЕО Халықаралық ынтымақтастық және даму жөніндегі комиссары Невен Мимика тарапынан ресми түрде ұсынылатын болады.

Сонымен қатар, ЕО-ның аймақ мемлекеттерімен ынтымақтастығын дамытуға арналған екіжақты тетіктері 1990-шы жылдары қол қойылған және Түрікменстанмен жасалған келісімнен басқалары күшіне енген Әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімдер (ӘЫК) болып табылады. Кейінірек саяси диалогты, өзара сауда мен инвестицияны кеңейту үшін кең платформаны көздеуін Кеңестілген әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімдер (КӘЫК) екіжақты негізде басталды. Қазақстан мен ЕО арасындағы КӘЫК 2015 жылы қол қойылды. Өлі бекітілмеген бұл келісімнің кейбір ережелері уақытша қолданылып келеді, ал Қырғызстанмен (2017 жылғы желтоқсанда басталған) және Өзбекстанмен (2018 жылдың қараша айында басталған) КӘЫК жөнінде келіссөздер жүргізілуде. Тәжікстан

2018 жылдың қарашасында келіссөздер жүргізуді талап еткен болатын, алайда келіссөздер әлі басталған жоқ. Сондықтан қазіргі уақытта екіжақты деңгейде төрт Орталық Азия мемлекеті ӘЫК арқылы ЕО-мен өзара іс-қимыл жасауды жалғастырып жатса, Түрікменстан уақытша сауда туралы келісім бойынша ЕО-мен ынтымақтасуда. ЕО өзінің аймақтық стратегиясы мен ӘЫК жүзеге асыру үшін ЕО-ның Жоғары өкілі мен бес Орталық Азия елінің сыртқы істер министрлері арасында жыл сайынғы кездесулер өткізеді, ал вице-министрлік деңгейінде жыл сайын ЕО-Орталық Азия Жоғары деңгейдегі саяси және қауіпсіздік диалог отырыстарын ұйымдастырады. 2005 жылы ЕО Орталық Азия бойынша алғашқы арнайы өкілін тағайындады. Қазіргі уақытта бұл қызметті Питер Буриан атқарады.

Өзінің жаңа стратегиясын әзірлеген Брюссель Орталық Азия билік өкілдерімен жоғары деңгейдегі кездесулермен қатар, құжаттың ережелеріне қатысты кеңес беретін көптеген сарапшылар мен тәжірибешілермен бірқатар диалог алаңдарын да қалыптастырды. Жаңа стратегия өзбек президенті Мирзиёевтің аймақтық саясатынан да байқауға болатындай аймақ мемлекеттерінің қарым-қатынастарындағы жылымықтың пайда болуы және 2018 жылғы наурызда Нұр-Сұлтан қаласында өткен Орталық Азия мемлекет басшылары саммиті сияқты аймақтық өзгерістерге назар аударғанын атап өткен жөн. Өз кезегінде ЕО Орталық Азияны аймақтандыру үдерісін қолдайды және Орталық Азиядағы аймақтық ынтымақтастықта бірлескен шешімдерді ілгерілетуге ықпал ететін және ЕО тарапынан қаржыландырылатын бағдарламалар арқылы инвестициялауға дайын деуге болады. Сонымен қатар, стратегияны әзірлеушілер Еуро-Азиялық байланыстарды қамтамасыз етудің маңыздылығына тоқтала отырып, «Белдеу және жол» бастамасы мен Еуразиялық экономикалық одақ арқылы жүзеге асырылған Қытай мен Ресей сияқты аймақтық державалардың геосаяси стратегиялары мен белсенді дипломатияларын ескерді. Осы геосаяси өзгерістермен қатар, ЕО Брюссель үшін де үлкен маңызға ие Ауғанстанға қатысты конструктивті көзқарасты да жанартты. Қауіпсіздік пен тұрақтылық бойынша ортақ мүдделерді ескере отырып, ЕО Ауғанстан және Орталық Азия серіктестерімен ұшжақты диалогты күшейтуге басымдық береді. Бұған қоса, ЕО стратегияда «түбегейлі прагматизм» ұғымын ұстанады және бұл ЕО-ның басқа да стратегиялық құжаттарында баяндалған болатын. Тұтастай алғанда, ЕО-ның аймақтағы қызметі келесі үш мәселеге көңіл бөледі:

- Орталық Азия елдерінің ішкі және сыртқы қиындықтарды жеңу қабілетін күшейту және реформа жасау қабілетін арттыру арқылы тұрақтылық үшін әріптестік орнату;
- Экономика саласындағы жаңғыртуды қолдай отырып, орнықты қарым-қатынасқа жәрдемдесу және жастарға инвестиция салу арқылы халықтың әл-ауқатын арттыру үшін әріптестік орнату;
- Әріптестіктің құрылымын нығайту, саяси диалогты күшейту және азаматтық қоғамға кеңістік ашу үшін ынтымақтастық сапасын арттыру.

Тұрақтылық үшін әріптестік демократия, адам құқықтары және заң үстемдігін насихаттау; шекаралық менеджмент, көші-қон

және ұтқырлық саласындағы ынтымақтастықты нығайту; және қоршаған орта, климат және су тұрақтылығын арттыру сынды үш бөлімнен тұрады. Ал ынтымақтастық үшін әріптестік экономикалық реформалар үшін әріптестіктің барлық аспектілерін үйлестіру; аймақ ішлік және аймақаралық сауда мен инвестицияларды жеңілдету; жастар, білім, инновациялар және мәдениет салаларында тұрақты байланыс пен инвестицияларды ынталандыру арқылы жүзеге асырылатын болады. Ұнтымақтастық сапасын арттыру үшін ЕО саяси диалог және азаматтық қоғамдар мен парламенттермен өзара әрекеттесу арқылы әріптестік күшін нығайтуды ұсынады.

2007 жылмен салыстырғанда, демократия, адам құқықтары және заң үстемдігі; жастар, білім, инновация және мәдениет; қоршаған орта, климат және су тұрақтылығы сияқты ынтымақтастықтың үш бағыты елеулі өзгеріссіз қалды. Сонымен бірге энергетикалық және көлік байланыстарының жанарылған стратегиядағы рөлі ЕО-ның Еуропа мен Азияны байланыстыру стратегиясына сайкес орнықты байланысын дамыту арқылы айқындалады. Көлік, энергетика және цифрлық байланыстар, сондай-ақ гуманитарлық байланыстар ынтымақтастықтың негізгі бағыттары болмақ. Экономикалық реформаларға келсек, 2007 жылғы стратегия экономикалық даму, сауда және инвестицияны дамытуға бағытталған болса, жаңа стратегия экономикалық реформалар үшін әріптестікті нығайтуға, сондай-ақ аймақ ішлік және аймақаралық сауда мен инвестицияны жеңілдетуге басқа назар аударды. Стратегия ортақ қауіп-қатерлерге қарсы күрес, шекараны басқару, көші-қон және ұтқырлық саласындағы ынтымақтастықты қамтитындай етіп кеңейтілді.

Әріптестіктің маңызын арттыру ЕО-ның КӘЫК арқылы Орталық Азиямен ынтымақтастықтың қазіргі тетіктерін дамытуға мүдделі екенін растайды. Осы КӘЫК шығыстағы көрші елдердегі кең мүмкіндіктерді ұсынбаса да, Орталық Азия елдеріне түрлі салаларда саяси диалогты күшейтуге және тауарлар мен қызметтерге өзара қол жетімділікті қамтамасыз етуге жаңа мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, ЕО-ның жаңа стратегиясы кейбір аспектілерді нығайта отырып және құралдық болудан гөрі әлдеқайда жалпы сипаттағы арнайы бастамаларды қоса отырып, ынтымақтастықтың осыған дейін белгілі жеті бағытын сақтап қалды. Атап айтқанда, жоғарыда аталған үш негізгі аспектінің ешқайсысы қандайда бір бастама қамтымаған. Стратегияда ЕО-ның Орталық Азиямен іс жүзінде жұмыс істеуі туралы көзқарасы болмағанына қарамастан, Өзбекстанның аймаққа қатысты жаңа көзқарасы мен Қытайдың белсенді қатысуын ескере отырып, саясатында өзгеріс енгізу қажеттілігі атап өтіледі. Тұрақтылық пен өркендеу үшін әріптестік орнату үшін ЕО-Орталық Азияның сындарлы ынтымақтастығына үлес қосатыны немесе ЕО-ның аймақтағы донорлық мәртебесін сақтап қалатыны уақыттың еншісінде. Қалай болғанда да, орын алып жатқан геосаяси өзгерістер мен Еуропаның Орталық Азияға деген мүддесінің артуы аясында Брюссельдің аймаққа қатысты жаңа көзқарастары ЕО-дан инвестициялар тартуға және оның саяси қолдауын қамтамасыз етуге үлкен қызығушылық танытатын Орталық Азия елдеріне пайдасын тигізеді сөзсіз.

Жазушы: Альбина Мұратбекова,

Еуразия ғылыми-зерттеу институты, Қазақстан

## Саясат, сыртқы қатынастар және қауіпсіздік

- Бішкек қаласында Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) Сыртқы істер министрлерінің кеңесі өтті. Тараптар қазіргі халықаралық және аймақтық мәселелер бойынша пікір алмасып, алдағы ШЫҰ саммитіне дайындық мәселелері мен ұйым қызметінің басым бағыттарын талқылады. Атап айтқанда, ШЫҰ сыртқы істер министрлері ШЫҰ Хатшылығы мен бақылаушы және диалог бойынша әріптес мемлекеттер арасында өзара іс-қимылды жақсарту туралы жол картасына қол қойды.
- Бішкекте Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ) Сыртқы істер министрлерінің кеңесі ұйымның ағымдағы жағдайы мен болашаққа бағытталған бастамаларын талқылау мақсатында кеңес өткізді. Тараптар тәжік-ауған шекарасында шиеленісті азайту үшін қосымша шараларды, 2019-2021 жылдарға арналған БҰҰ Жаһандық терроризммен күрес стратегиясын қолдану үшін ортақ әрекет жоспарын және НАТО-ға мүше мемлекеттердің сыртқы істер министрлерімен ынтымақтастықты жақсартуды және өзара сенімді нығайтуды көздеген ашық өтінімді мақұлдады.
- Душанбе қаласында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына (ТМД) мүше мемлекеттердің Қауіпсіздік агенттіктері және Арнайы қызметтер басшылары кеңесінің 46-шы отырысы өтті. Кездесу барысында делегациялар халықаралық ұйымдасқан қылмысқа қарсы күресте және ынтымақтастықтың басқа салаларында ТМД-ның қауіпсіздік институттарының өзара ықпалдасуына қатысты мәселелерді талқылады.
- Қытай Мемлекеттік кеңесінің мүшесі және Сыртқы істер министрі Ван И Тәжікстанға жасаған сапары барысында екіжақты қатынастарды жақсарту жолдарын талқылау мақсатында Президент Эмомали Рахмон және тәжік әріптесі Сирождиддин Мухриддинмен кездесті. Тараптар Тәжікстанның ұлттық даму стратегиясын, Қытайдың «Белдеу және жол» бастамасын одан әрі үйлестіруге және әртүрлі салаларда прагматикалық ынтымақтастықты дамытуға дайын екендіктерін растады.
- Алматыда мемлекетаралық шекараны анықтау бойынша Қазақстан-Өзбекстанның ортақ үкіметаралық комиссиясының отырысы өтті. Екі елдің өкілдері 2019 жылға арналған далалық демаркациялық жұмыстарды сипаттайтын кестені бекітіп, мемлекетаралық шекаралардың кейбір бөліктерін анықтауға арналған құжаттар жобасын әзірледі. Кездесуден кейін тиісті хаттамаға қол қойылды.
- Нұр-Сұлтанда Қазақстан-Түркия Ортақ стратегиялық жоспарлау тобының бесінші жиналысы өтті. Жиналысқа екі елдің сыртқы істер министрлері Бейбіт Атамқұлов пен Мевлұт Чавушоглы төрағалық етті. Тараптар екіжақты саяси, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық мәселелерін, сондай-ақ Сириядағы бейбітшілік үдерісіне қатысты Астана келіссөздері аясындағы ықпалдастықты және Түркі кеңесінің мерейтойлық саммитіне дайындық мәселелерін талқылады.
- Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайып Ердоған Ыстамбұлда Түркі кеңесінің Бас хатшысы Багдад Әміреевті қабылдады және Түркі кеңесінің соңғы қызметтері мен 2019 жылдың қазан айында Әзербайжанда өтетін ұйымның мерейтойлық саммитін талқылады. Тараптар сондай-ақ, Түркі сауда-өнеркәсіп палатасының құрылуын талқылады.

## Экономика, қаржы және энергия

- Венгрия Сыртқы істер және сыртқы сауда министрі Петер Сийярто Түрікменстанға жасаған сапары кезінде Президент Гурбангулы Бердімұхаммедов және түрікмен әріптесі Рашид Мередовпен кездесті. Тараптар сауда, көлік, энергетика және өнеркәсіп саласында екіжақты экономикалық ынтымақтастықты нығайту бағытындағы мүмкіндіктерді талқылады. Сийяртоның айтуынша, Венгрия тікелей сауда қатынастары және Түрікменстанмен бірлескен жобаларды қаржыландыру мақсатында 46 млн. доллар көлемінде несие бөлген.
- Түрікменстанның Аваза қаласында 10-шы Халықаралық газ конгресі өтті. Аталмыш конгреске әлемнің жетекші мұнай-газ компанияларының өкілдерін қоса алғанда, әлемнің 30 елінен 400 делегат қатысты. Екі күндік іс-шараның күн тәртібінде Түрікменстанның табиғи газ жобалары және ТАПИ газ құбырының құрылысы талқыланды.
- Ашхабадта Үкіметаралық Түрікменстан-Беларусь Экономикалық ынтымақтастық комиссиясының 9-шы отырысы өтті. Кездесу барысында екі елдің мемлекеттік лауазымды тұлғалары мен кәсіпкерлері әсіресе, құрылыс, жүк тасымалдары және ауыл шаруашылығы салаларында өзара сауда-саттықты кеңейту және бірлескен жобаларды жандандырумен қатар, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт салаларындағы ынтымақтастықты дамыту мүмкіндіктерін талқылады.
- Украина мен Грузия екі елге өзара саудада тауарлардың шығу тегіне қатысты бірдей ережелерді қолдануға мүмкіндік беретін екіжақты еркін сауда туралы келісімге өзгерістер енгізген хаттамаға қол қойды. Өзгерістер сонымен қатар, тараптарға Пан-Еуропалық Жерорта теңізіндегі тауарлардың шығу тегіне қатысты преференциалды ережелер туралы аймақтық конвенцияның баптарын, атап айтқанда диагоналды жиынтық әсерін қолдануға мүмкіндік береді.
- Қазақстан Ауыл шаруашылығы министрлігі 2019 жылдың ақпан айында енгізілген Қырғызстаннан азық-түлік және тұқымдық картоп, алма мен құрма импорттауға уақытша тыйым салуды алып тастады. Бұл шешім Нұр-Сұлтан қаласында өткен екіжақты келіссөздерден кейін қабылданды. Келіссөздер барысында тараптар тиісті карантиндік фитосанитариялық шараларды жүзеге асыру туралы келіскен болатын.
- Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев қол қойған заңға сәйкес, жаңартылатын энергия өндірушілері салықтан босату артықшылығына ие болады. Жаңартылатын энергетикалық қондырғыларда мүлік салығынан және бұл нысандар (номиналды қуаты 0,1 МВт немесе одан көп) орналасқан жерлерде жер салығынан он жылға дейін босатылады.
- Өзбекстанның Сурхандария аймағында өткен екіжақты бизнес-форумда өзбек және ауган билігі барлығы 82,2 млн. доллар көлеміндегі экспорттық келісімшарттар мен келісімдерге қол қойды. Тараптар сонымен қатар, «Гермес Карго» халықаралық логистикалық орталығында «бір терезе» қағидасы бойынша екі елдің кәсіпкерлері арасындағы ынтымақтастықты ынталандыратын трансшекаралық сауда аймағын ашты.

## Қоғам және мәдениет

- Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайып Ердоғанның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Түркі кеңесінің өмірлік құрметті төрағасы» деп жарияланды. Бұл шешім – Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан мемлекетінің қалыптасуында маңызды рөл атқарған және түркі әлемін біріктіруге үлес қосқан Қазақстанның Тұңғыш Президенті және оның негізін қалаушысы ретінде рөлінің мойындалуы болып табылады.
- Бішкекте Қырғызстан ШЫҰ төрағалығы аясында «ШЫҰ дамуындағы БАҚ-тың рөлі» атты ШЫҰ медиа-форумы өтті. Форумға 12 елдің 100-ден астам БАҚ өкілдері және тиісті мемлекеттік қызметкерлері қатысты. Қатысушылар кәсіби тәжірибелерімен бөлісті және ШЫҰ аясында практикалық ынтымақтастық үшін ұсыныстар жасады.
- Брест қаласында «Болашақ үшін серіктестік: журналистика және әлеуметтік қауіпсіздік» атты 14-ші Беларусь халықаралық медиа-форумы өтті. Екі күндік іс-шара барысында 25 мемлекеттің 250-ден астам қатысушысы, оның ішінде мемлекеттік қызметшілер, қоғам қайраткерлері, дипломаттар, сарапшылар мен журналистер ақпараттық қауіпсіздікті, әлеуметтік медиа мен блогосфераның қоғамдық пікірге әсері мен заманауи интернет-журналистика сияқты тақырыптарды талқылады.
- Ташкентте АҚШ халықаралық даму агенттігі мен Өзбекстанның Денсаулық сақтау министрлігінің қаржыландыруымен туберкулезді тоқтататын денсаулық сақтау реформалары бойынша екі күндік республикалық конференция өтті. Іс-шара барысында халықаралық сарапшылар Орталық Азия елдерінің лауазымды тұлғалары мен Өзбекстанның денсаулық сақтау саласының қызметкерлері туберкулездің таралуын азайту және тоқтату бойынша озық тәжірибелерімен бөлісті және басымдықты іс-әрекеттерді анықтады.
- Азия даму банкі 24 жаңа локомотив сатып алу арқылы Өзбекстан теміржол паркін жетілдіруге көмектесу мақсатында 170 млн. доллар көлемінде несие бөлулі мақұлдады. Жаңа локомотивтер жолаушылар мен жүктерді тасымалдаудың таза, сенімді және тиімді қызметін қамтамасыз ете отырып, өзбек теміржол жүйесінің жұмысын жақсартатын болады.
- Алматыда БҰҰ Даму бағдарламасы мен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қолдауымен Халықаралық биологиялық әртүрлілік күніне орай екі күндік экологиялық ультра марафон өткізілді. «Алтын Емел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркіндегі «Әнші құм» төбесінде басталған және Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде аяқталған 250 шақырымдық марафонға 20-дан астам жүгіруші қатысты.
- Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстан-Германия үкіметаралық комиссиясының Қазақстандағы этникалық немістер бойынша 17-ші отырысы өтті. Кездесу барысында комиссия мәдениет пен білім берумен, соның ішінде мектептер мен университеттерде неміс тілін насихаттаудан бастап іскерлік ортаны қалыптастыруға дейін Қазақстанда 200 мыңға жуық өкілден тұратын неміс қауымдастығын дамыту мәселесін қарастырды.